

Сарат орта білім беретін мектебі бойынша «Даналық мектебі» клубының
жұмыс жоспарына сәйкес «Әкелер мектебінің» жетекшісі С.Т.Жұмабектің
сәуір айындағы атқарылған жұмыстар мәліметі
2023/2024 оқу жылы

Сәуір айы: Жоспарлы тақырып: «Әке кәсіп-берекенің бастауы»
Өткізу түрі: «Жетістіктер көрмесі» (Әкесі мен баласының жетістігі)

Сәуір айындағы жоспарлы жұмыс түріне байланысты мектеп бойынша оқушылар қауымының аралығында, ауыл тұрғындары аралығында, әр отбасында, қоғамда әкелер әкелер ролін арттыру бағытында екі ортадағы «тірек көпірі» мектеп ұжымы деп айтуға болады. Отбасы бір шағын мемлекет болғандықтан, әр отбасындағы бала тәрбиесі әрқилы болуы мүмкін...


Саналы әке, отбасы ортасында саналы тәрбиелік бағытта әңгіме өрбітеді және баланың анасы тағылымы мол аналық сезім мейірімін тәрбие барысында қолданатыны белгілі. Отбасындағы әке ролінің беделін көтерудегі басты мақсаттарының бірі, баласымен тығыз байланыстың орнауы, тәрбиенің жақсы жақтарын бойына сіңіріп оларды өнерге, шығармашылық бағытқа және қолөнерге деген қызығушылықтарын арттыруға әке ролі жоғары деңгейге көтеріледі.

Әке мен ана бойындағы іскерлік және танымдық қасиеттерін баласына дарыта отырып, үйлесімділікті, шынайылықты, шеберлікті қалыптастыра алады. Отбасы құндылығын дамытуда «Ана армандатушы, әке бағыттаушы тұлға» деген тағылымы мол, ұлағатты сөз әрбір отбасындағы бала тәрбиесінде алғы шарт болып саналуы керек.

Әрбір отбасындағы тәрбие отбасы құндылығы болып саналады, отбасындағы балаларымен байланысты үзбеудің тәрбиелік маңыздылығы олардың белгілі бір кәсіппен айналысуына бағытталып, өмірлік серігіне бала алады.



6 класс оқушысы Айзеренің анасы Есмағанбетова Алтынгүл қызына кесте тоқу өнерін үйретуде.
6 класс оқушысы Жасминнің әкесі Аманжолов Кенжебек қолөнерлік кәсіп өнеріндегі жетістігі.

Әкелер мектебінің жетекшісі:  Жұмабек С.Т.

**Сарат мектеп –бөбекжай-балабақша кешені «Даналық мектебі»
клубының «Ұлдар мектебінде»жүргізілген жылдық жұмысына
анықтама**

Даналық мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес қазан айында мектебімізде 5-11 класстардың ер балалары арасында «Ағасы бардың жағасы бар» атты тақырыпта қауымдастық құрылды. Қауымдастық мүшелері 11 класс оқушылары Орынбасар Ерсұлтан, Ғарифоллаұлы Сағадат, Тұрамаддин Дияс.


Қараша айында «Ағалар салған сара жол!» атты тақырыпта 8,9,11 класстардың ер балалары 5,6 класстардың ер балаларына ағалық ақыл кеңес, тәлім тәрбие беру мақсатында, тәлімгер болып тағайындалды. Тәлімгерлер тағайындау барысында ұрпақтар сабақтастығы, ағаның інісіне деген қамқорлығы, бауырдың ағасына деген құрметі туралы түсіндірілді. Ағалары өздерінің білімдегі, спорттағы жетістіктерімен бөлісті. Бауырларына тоғызқұмалақ, шахмат, теннис ойындарының ережесін үйретсе, інілері ағаларына өздерінің ілтипаттарын білдірді. Ұл бала қазақта шаңырақ иесі, ер азамат ата-ананың қолғанаты болып саналады. Сондықтан, отбасындағы ер баланың орны төрде екені айтылып, Ш.Қалдаяқовтың «Ағаларым» атты әнімен қорытындыланды.

Ақпан айында 8,9,11 класс ер балалары «Жақсылық жасап жарысайық!» тақырыбында ауыл зейнеткері Бұхарбаев Асқарбектің үйіне барып, ауласындағы үйілген қарларды сыртқа шығарып, қисайған шарбақтарын жөндеді. Асқарбек ағамыз ризашылығын білдіріп, оқушыларға рахметін айтып, батасын берді.

Сәуір айында 5,6,8,9,11 класстар ер балалары «Азаматтың отандық парызы» тақырыбында, әскерге барып келген ағалары Дүйсенғалиұлы Қайыржанмен кездесіп, ер азаматтың отан алдындағы борышы жөнінде әңгімелесу жүргізілді. Оқушылар сұрақтар қойып, сұрақтарға жауаптарын алды.

Мамыр айында 9-11 класстар оқушылары арасында, «Туған жерге тағзым!» тақырыбында, мектеп ауласына ағаш егу челленджі ұйымдастырылды. Оқушылар ағаш егу барысында, туған жерге деген сүйіспеншілігі, табиғатқа деген жанашырлығы жөнінде мағлұматтар алды.

Ұлдар мектебі жетекшісі:




Т.Н.Сәрсенхалыков

**Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені. КММ . «Даналық мектебі»
клубының ұлдар мектебінде жүргізілген
жұмыстарына анықтама.**

Даналық мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес қазан айында мектебімізде 5-11 сыныптардың ер балалары арасында «Ағасы бардың жағасы бар» атты тақырыпта қауымдастық құрылды. Қауымдастың мүшелері 10-класс оқушылары Ерланұлы Мәди, Назық Тұрар. 9-класс оқушылары Нахи Диас, Талғатұлы Нұрбек.

Қараша айында «Ағалар салған сара жол» атты тақырыпта 7,9, 10-кластардың ер балары 5-6 кластардың ер балаларына ағалық ақыл кеңес, тәлім тәрбие беру мақсатында тәлімгер болып тағайындалды. Тәлімгерлер тағайындау барысында ұрпақтар сабақтастығы, ағаның інісіне деген қамқорлығы, бауырдың ағасына деген құрметі туралы түсіндірілді. Ағалары өздерінің білімдегі, спорттағы жетістіктерімен бөлісті. Бауырларына тоғызқұмалақ, шахмат, тенис ойындарының ережесін үйретсе інілері ағаларына өздерінің ілтипаттарын білдірді.

Ұл бала –қазақта шаңырақ иесі, ер азамат ата-ананың қолғанаты болып саналады. Сондықтан отбасындағы ер баланың орны төрде екені айтылып, Шәмші Қалдаяқовтың «Ағаларым» атты әнімен қортындыланды.

Ұлдар мектебінің жетекшісі:  Т.Н.Сәрсенхалықов